

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы жарық көрді. Оқырман назарына мақаладағы ең өзекті 10 ойды ұсынып отырмыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

«АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН» атты президент мақаласындағы 10 өзекті ой

«Абай жырларын оқу челленджі жаңаша жанданады деп сенемін»

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Ұлы ақынның мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы комиссия құрылған. Дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаевтың жазуынша, мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізіледі:

«Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Ләйлім атты оқушы қыз ұсынған бұл елдік шараға мен де қатысып, қолдау көрсеттім. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті, әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп өкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін».

Ілгерілеудің негізі – білім мен ғылымда

Абай шығармаларындағы ғылым мен білім тақырыбына талдау жасаған мемлекет басшысы ақын тұжырымдары қазір де өзектілігін жоймағанын жазады.

«ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Сол мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылғанымен, отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар. Оны жетілдіру жолдарын сайлау алдындағы бағдарламада және өткен жылғы тамыз конференциясында нақты атап көрсеттім. «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі».

Қасым-Жомарт Тоқаев, сондай-ақ, Абайдың тіл үйрену туралы тұжырымдарына да ерекше тоқталған:

«Қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз».

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алады

«Қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл өр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы».

«Егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайтуымыз керек»

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамасы дәл әділетті қоғам идеясын дамыту мақсатымен ұсынылған: «Билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалог мемлекетке деген сенімді нығайта түседі. Үкімет мүшелері, соның ішінде министрлер мен әкімдер мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар мәселелерге қатысты шешім қабылдаған кезде азаматтардың ұсыныстары мен тілектерін ескеруі керек». Қасым-Жомарт Тоқаевтың жазуынша, бұл – Абай меңзеген әділетті қоғам қалыптастырудың бірден-бір шарты.

«Елімізде түбегейлі саяси өзгеріс керек деген ойлар да жиі айтылып жатады. Бірақ бұл мәселе бойынша ұлттық мәмілеге келудің, мемлекет мүмкіндіктерін шынайы бағалаудың және жүктелген міндетке жауапкершілікпен қараудың маңызы зор. Өзгеріс деп байбалам салатындар еліміздің болашағын байыптамайды, жай ғана популистік идеяларға табан тірейді. Расында, бұл – кез келген елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың бірегейлігін әлсірететін қауіпті үдеріс».

Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеу керек

Мемлекет басшысы өз мақаласында Абайдың «Толық адам» формуласына кеңінен тоқталды. Бұл ұғым ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді, яғни, тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама.

«Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымызтың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-

келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін».

Абай – еңбекқорлықтың мотиваторы

«Абай шығармашылығына арқау болған тақырыптың бірі – масылдықпен күрес. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек болуға үндейді. Оны ұдайы еңбек арқылы шыңдап отыруды құп көреді. Қазір біз көп айтып жүрген эмоционалды интеллектіге де сол тұста назар аударды. Мақтан мен масылдық психологиядан арылып, қайраттанып еңбек етуді, талаптанып білім іздеуді насихаттаған», – деп жазады Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мақалада мемлекет басшысы Абайды: «өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы», – деп сипаттайды: «Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады».

«Әлем біздің рухани және мәдени құндылықтарымызбен жете таныс емес»

Президент мақаласында қазақтың рухани және мәдени әлемін әлемге Абай арқылы таныту туралы өзекті мәселе көтерілген. «*Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі көмеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады*». Тиісінше, ол арқылы қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін танытуға болады.

«Мен көп жылғы дипломатиялық қызметімде басқа елдердің саясаткерлерімен, түрлі сала мамандарымен жиі кездестім. Шетелдіктермен адамзатқа ортақ көптеген түйткілді мәселелер туралы пікір алмасып, ой бөлістім. Жалпы, олар Қазақстанның саяси және экономикалық жетістіктері жөнінде жақсы біледі. Ал, рухани және мәдени құндылықтарымызбен жете таныс емес. Осы орайда «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?», – деген сұрақ туындайды».

«Әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек»

Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық сананы жаңғырту және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру үшін Абайдың шығармаларын мұқият оқу керектігіне тоқталды. Өйткені, Абайдың қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Сондықтан да Қазақстан халқы Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіс. Мемлекет басшысы: «*әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқаны сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек*» деп санайды:

«Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан, Абайды жаңа Қазақстанның бренд ретінде әлем жұртшылығына көңінен таныстыру қажет».

500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылатынын жазды. Өз мақаласында ол шаралардың ең негізгілеріне тоқталды:

-Тамыз айында Семей қаласында ЮНЕСКО-мен бірлескен «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы;

-Қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында «Абай және рухани жаңғыру мәселелері» деген тақырыпта халықаралық конференциясы;

-Абай шығармалары он тілге – ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады;

-Ақынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалы түсіріледі;

-Республикалық және халықаралық деңгейде театр және музыка фестивалдері өтеді;

-2020 жылғы бәйгелер Абай шығармашылығына арналады;

-Әдебиет және өнер саласындағы үздік шығармаларға берілетін мемлекеттік сыйлық Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп аталады;

-Ресейдегі, Франциядағы, Ұлыбританиядағы және басқа да мемлекеттердегі Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтары» құрылады;

-Шығыс Қазақстан облысының Ақшоқы елді мекеніндегі Құнанбай Өскенбайұлы әулетінің қорымы абаттандырылады;

-Семей қаласы тарихи орталық ретінде белгіленіп, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан көшенді түрде дамытылады және ондағы тарихи-мәдени нысандар жаңа талапқа сай жаңғыртылады;

-Абайдың қастерлі мекені – әйгілі Жидебай абаттандырылып, ұлы ақынның рухына тағзым етуге келетін жұртшылыққа қолайлы жағдай жасалады;

-Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналады;

-Жидебайда «Абай мұрасы» атты жаңа ғимарат салынады;

-«Абай» журналына мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі.

Абай арманы – халық арманы

«Ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруға тиіс». Мемлекет басшысы еліміздің әр азаматын осы тойдың алдында ел мен елдік жөнінде терең ойлануға шақырады:

«Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде өңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді».

<https://informburo.kz/>

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ: елші, елшілік қызмет хақында

Сейіткали ДҮЙСЕН,
Мемлекет тарихы институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Жүсіп Баласағұн (XI ғасыр) Орталық Азияда ортағасырларда түркілердің жақсы дамыған, қуатты мемлекеттерінің бірі – Қарахан әулеті мемлекеті тұсында ғұмыр кешіп, қызмет жасап, ғылыми еңбек қалдырған қоғам және мемлекет қайраткері, философ, ақын. Ол «Құтты білік» еңбегін жазып мемлекет басшысына сыйлаған.

«Құтты білік» мемлекетті басқару ғылымы жайлы, түркі тілінде жазылған тұңғыш саяси еңбек, әрі төлім-тәрбиелік энциклопедия. «Құтты білік» дастаны 6520 бәйіттен (екі жолдық өлең) тұрады, 13040 өлең жолы бар. Ұлттық энциклопедияда дастан белгілі бір мағынада өлдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған деген баға берілген. Осы еңбегі үшін қағаннан «Хас хажиб» (кеңесші, ақылшы), яғни сарай министрі лауазымын алып ел басқаруға араласып, билеушіге кеңес беріп отырған [1,107-109].

Жүсіп Баласағұн 2485-бәйітінде хажибқа өзінің міндетін орындау үшін он нәрсе керектігін айтып, билеуші (бек) қанша өмір сүрсе хажиб бірге жүретінін келтіреді.

Ж.Баласағұн мұрасын зерттеушілердің пікірінше ежелгі түркі елінде кітаптың атын құрайтын «құт» және «білік» сөздері киелі ұғымдарды білдіретін аса қасиетті сөздер санатында қолданылған. «Құтты білік» – «Құтқа, бақытқа қалай жетуге болады?» деген адам баласы үшін ең өзекті, аса маңызды өмірлік, әрі мәңгілік сұраққа жауап беретін туынды [2,5].

«Құтты білік» дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған және Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған.

Жүсіп Баласағұнның мемлекет басқару ісінен жан-жақты мол хабары мен тәжірибесі болған. Түркі ғұламасының еңбегі орта ғасырлардың өзінде-ақ Еуразия аймағына белгілі болған.

Машын, Шын (Қытай елінің аймақтары – С.Д.) елдерінде «Адабул мүлік» (Әкімдердің әдептілігі), «Айнқул мамлакат» («Мемлекет тәртібі»), Шығыс елдерінде «Зийнатул-умаро» («Өмірлердің сән-салтанасты»), ирандықтарда «Шахномаи туркий» («Түркілердің шахнамасы»), ал тұрандықтарда «Құтадғу білік» («Құтты білік») деп аталған [3,9].

Ж.Баласағұн еңбегі XIX ғасырдың бірінші ширегінен бастап Еуропада ғылыми айналымға түсті.

XX ғасырда Түркия ғалымдары – Р.Р.Арат, М.Ф.Ке-прюлд, А.Дильгар дастанды зерттеу ісіне көп еңбек сіңірді. В.Бартольд, А.Коновов, В.Радлов сияқты аса көрнекті ресей және кеңестік түркітанушы ғалымдары Ж.Баласағұнның еңбегін жоғары бағалады [1,107].

Еңбектің үш нұсқасы – Қайыр, Ташкент, Санкт-Петербург қалаларының кітапханаларында сақтаулы. Кітап неміс, түрік, орыс, өзбек, ұйғыр, тілдеріне аударылып, көптеген халықтардың рухани игілігіне айналды [3,10].

1970 жылы Ленинградта Кеңес Одағының белгілі түркітанушы ғалымдары қатысқан, дастанның 900 жылдығына арналған IV Түркологиялық конференция өткізілді. Осы конференцияда ғалымдар «Құтты білік» түркілердің әдеби кітабы екенін мойындады. Қазіргі уақытта қазақстандық ғалымдар дастанның шығу ортасы қарлық-қарахан түркілері екенін дәлелдеуде [4,21].

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны туралы қазақ зерттеушілерінің (Ханғали Сүйіншәлиев, Алма Қыраубаева, Тынысбек Қоңыратбаев, Дархан Қыдырәлі, Асқар Егеубаев және т.б.) пікірінше кітапта Әділдіктің бейнесі Күнтуды Елік патша арқылы, ақыл ұғымы Айтолды үезірдің баласы Өгдүлміш, қанағат бейнесі үезірдің бауыры Одғұрмыш арқылы поэзиялық егіз екі жолдармен жырланады. Осы төрт адам өзара әңгімелеседі, біріне бірі сұрақ қойып, жауап береді [5,7].

1986 жылы қазақтың көрнекті ақыны, ғалым Асқар Егеубаев «Құтты білік» дастанының қазақ тілінде толық әдеби аудармасын жасап, алғысөзі мен түсініктерін жазып, кітап етіп шығарды. 1989 жылы Пекиннің «Ұлттар» баспасы қазақша аудармасын араб әрпімен екінші қайтара шығарды. 2006 жылы осы аударманың үшінші басылымы жарық көрді [6].

А.Егеубаевтың пікіріне қарағанда Ж.Баласағұнның толғаныстарында Әл-Фараби мен Абай дүниетанымының, ойларының рухани үндестігі байқалады.

Кітапқа төрт асыл қасиет-әділеттік, бақыт, ақыл, молшылық негіз етіп алынады. Олар төрт кейіпкердің атымен аталады. Кітап сұрақ-жауап, диалог түрінде жазылған.

Ойшыл ақын әділетті, бақуатты қоғам құруды армандап, оны іске асыратын басшылар мен мемлекет қызметкерлері деп түсінген.

Ол негізінен қарулы күшті ел аралық қатынастарды шешудің негізгі құралы деп білген, қатал заманда өмір сүрсе де, мемлекеттер арасындағы қантөгісті айыптап, бейбіт өмірді, тыныштық пен татулықты жақтаған. Ғұламаның пікірінше: «елдің береке-бірлігі, тыныштығы «қылыш» арқылы орнаса да, оның атақ-даңқы, байлығы, білім мен оқудың өркендеуі «қалам» арқылы, яғни ғылым арқылы ке-

леді. Ақын Қылыш елді күзейді, һәм жасытар, қалам түзеп, қазынасын байытар» (2417-бәйіт; А.Егеубаев, 1986 ж.) – деп бейбіт өмірді бәрінен артық қояды.

Дипломатиялық қызмет, соның ішінде елшілік ежелден мемлекетті басқару саласының маңызды буындарының бірі саналады. Өйткені кез келген мемлекет айналасындағы алыс-жақын елдермен саяси, экономикалық байланыстарға түсуге тәуелді, оқшау өмір сүре алмайды. Ал мемлекетаралық байланыстарды жүргізуде елшілер маңызды рөл атқарған. **Елші өзі баратын елдің тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, тілін, патша сарайындағы рәсімдерді, елшілік этикетті білуді, елшілік ғұрыптарды меңгеруі тиісті болды.**

Жүсіп Баласағұнның қағанға берген ақыл кеңес-терінің қатарында шетелдік елшілерді қабылдау рәсімі туралы айтқандары ерекше орын алады.

*«Жетекшісі келіп кетсін бағала,
Мұрсат беріп, сыйла жат деп қарама.
Қонатын жай, ас-суын бер жасқама,
Ашпа, тоқ па-ескерусіз тастама.
Жол аузында жұртты бастап қарсы алып,
Заң дәстүрді бұзғызбауға жол салғын»*
(2495-бәйіт).

(Автор бұл жерде «жетекшісі» деп елшіні айтып отыр – С.Д.)

Ғұламаның бұл жазбаларынан ортағасырлық түркі билеушілері шетелдік дәрежелі елшілерді салтанатты қарсы алудың, қабылдаудың, оларды арнайы қонақ үйге орналастырып, елшіні осы мемлекетте сақтауға тиісті заң талаптарымен таныстыру қажеттігін түсіндіретіні туралы айқын жазылғанын көруге болады.

Ж.Баласағұн өзінің еңбегінде түркі қағандары үшін дипломаттарды таңдау жүйесі мен талаптарын түзген. Қағанға елшілік қызметке сегіз қырлы, бір сырлы, зерек, сергек, сабырлы, мәміле жасау қабілетіне ие, сыпайы, инабатты, ер мінезді мәрт адамды таңдауды ұсынады. Ол елшіні Апланың асыл құлына теңейді. *«Апланың ең асыл құлы-елшілер, Елшілер сырт елдермен байланыста істің шырайын келтіреді. Ізгілерде ақылды, ұлы елшілер!»* (2595-бәйіт), – деп бағалайды.

Мемлекет атынан сырт елге өкіл болып баратын адам ел билеушісіне туысқанындай жақын, әрі сенімді болғаны дұрыс деп біледі. Елші барынша ақылды, батыл және тәжірибелі адамдар арасынан шығуы тиіс, өйткені елші – мемлекеттің шетелдегі өкілі.

Ғұлама 2600-ші бәйітте елшіні жиһангерге теңейді. Өйткені елші өз қызметінде бір реттік сапармен немесе белгілі бір уақыт аралығына дейін бірқатар елдерге мемлекет өкілі ретінде баратын кездері болады.

2640-бәйітте: *«елші болатын адамның төрт құбыласы түгел болғаны дұрыс»* деген ой тастайды. 2635-бәйітте – *«елшісі есті, зерек, дана, ақылды, Бетер еспен билер алыс-жақыны»,* – деп жазады.

Жүсіп Баласағұн ел билеушіге елшілікке тағайындайтын адамды бұрынғы атқарған жұмыстарының нәтижесіне қарап, мұқият таңдауға кеңес береді. Ғұлама елге танылған ер азаматтар арасынан білігімен, ойшылдығымен, парасаттылығымен дараланған тұлғаны таңдауды ұсынады:

*«Елші болғай ер біткеннің сарасы,
Білікті, ойлы, парасатты дарасы»,* – деп кеңес

береді (2595-бәйіт).

*«Елші кемел ері болса елінің,
Аты әлемге кетер еді бәзінің»* (2640-бәйіт), – деп елшінің рөлін дәріптейді.

Қағанға *«елші надан, жаман, жауыз болса».* Одан әрі: *«...Тапсаң ондай асылды, туыстырып берер дос пен қасыңды. Жұмса ондайды алып, тауып ақылын»* (2665-бәйіт), – деп аяқтайды.

Ортағасырларда шетелге жіберілетін елшілер міндетіне – жолдаулар беру, өз билеушісінің сыйлығын тапсыру, келіссөздер жүргізу, бейбіт келісімдер жасау, ресми салтанаттарға, қабылдауларға қатысу кірген.

Шығыста ерте замандардан дипломатиялық өнері өркендеген Қытай, Парсы (Иран) мемлекеттері болды. Бұлардың дипломатиялық қызмет аумағына Араб халифаты, Византия империясы, Түркі қағанаты тартылды. [7,112-113].

VI ғасырдан бастап саясат сахнасына шыққан Түрік қағанаты Иран мен Византия империяларының дипломатиялық қатынастар жүйесіне тартылды.

«Құтты білікте» елшіге қойылатын талаптар егжей-тегжейлі сипатталып жазылған. Елші болатын адамның сырт келбеті ажарлы, қиялы ұшқыр, іскер, ақыл-ойы, білім-білігі, ерекше болуы керектігі көрсетіледі.

Елшінің шешендік өнерді жете меңгеруі қажеттігіне назар аударады. Ж.Баласағұн 2600-бәйітінде елшінің тілге шешен, білікті, алымды болу қасиетіне тоқталады. Елшіден кез келген сөздің ішкі, сыртқы сырын аңғарып, астарына бойлай білуді талап етеді. Елші барған елінде, жүрген ортасында артық кем сөйлемей, бәрін ойлап, екшеп, айтқан сөзін атқан оқтай діттеген жеріне дәл тигізуі керектігін де ескертеді (2605-бәйіт). Мемлекетаралық қатынастарда, келіссөздер барысында өзін сыпайы, әдепті ұстауды ескертеді. Елшінің сөзі ұлық-кішілерді ерітетіндей тілі майда, төтті шынындай болсын деп уағыздайды (2665-бәйіт).

Ж.Баласағұн: *«Елшілікте сөздің құны бағалы (2665-бәйіт). Бір ауыз сөз ердің жөнін табады, Бір ауыз сөз елдің атын өсірер. Бір ауыз сөз ердің атын өшірер. Бір сөзбен қия-шыңға шығарсың. Бір сөзбен-ақ жауды көрге тығарсың»,* – деп үйеді.

Ж.Баласағұн елшінің жеке басының қарым-қабілетін сипаттайды. Елші ерекше зерек, есепке жүйрік, өзі көрікті, көп тіл білетін, шешен, жақсы аңшы, құсбегі, жұлдызшы (астролог), түс жори білетін, музыкант сияқты көптеген қасиеттерге ие жан болуы керек деп біледі.

*Аушы, құсшы мерген болса ғажайып,
Чөгәнға ұста, таңғаларлық халайық (2635 бәйіт).*

*Хандасаны білсе, санның түбірін,
Жер, аспанды білсе санға жүгініп (2630 бәйіт).*

Ғалым сонымен бірге елшіге ақыл-ойды дамытатын ойын түрлерін білу де пайдалы деп біледі:

*Нард, шатраш ойнағанда жарқылдап,
Ұтып алса қарсыласын алқымдап,* – деп көрсетеді.

Бұл қазақтың *«жігітке жеті өнер де аз»* деген нақылымен үндесіп тұр.

(Ескерту: *хандаса, шатраш* – шахмат, *нард* – дойбының Шығыс елдерінде ертеден кең тараған бір түрі. *Шөгән* – ат үстінде арнаулы имек таяқпен доп ойнайтын спорттық ойынның бір түрі (Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. 631 бет.)

Ғұлама дипломатқа көп тіл білудің пайдалы және аса қажеттігі туралы кеңес береді:

*«Тілін ашса-ақ, сайрап кетсе сан тілді,
Жазбаларды, білсе әріпті сан түрлі.*

Білген елші қасиет, сырды жаңағы,

Бір тілегін қиналмай-ақ табады» (2635-бәйіт), – деп бірнеше тілді білу дипломаттың мүмкіндігін кеңейтетінін меңзейді. Қазіргі заманда да дипломатиялық қызметке келетін адам үшін кемінде екі-үш халықаралық тілді білуі шарт.

Елшіні жаман әдет-қылықтардан (шарап ішу, өсек-өтірік) бойын аулақ ұстап, ой-санасын және тәнін сергек ұстауға шақырады. *«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың (ерекшелеген біз – С.Д) елден бөлек»,* – деген Абайдың «толық адам» тұжырымына үйлесіп тұр.

Сонымен қатар Ж.Баласағұн сараң, құлқынның құлы болатын, ұсақ-түйекке бола егесетін («өтірік пен өсекті жүндей сабайтын» (Абай) адамды мінеп, елшілік қызметке жолатпауды ұсынады (2620-бәйіт).

Сұқ көзділер көзін ашып қарамас,

Ондай пенде елшілікке жарамас!

(Ашкөз пенде бұл құлқынның құлы ғой,

Құлқын құлы – қу тамақтың пұлы ғой.

Құлқын жолы ұсақ-түйек толы егес,

Бұл елшілік сараңдардың қолы өмес) (2615-бәйіт).

«Ашкөздерге ештеменің жоқ құны», – деп жазады ойшыл.

Мұндай қызметке кедей болса да, ой-санасы кемел, көңілі тоқ, «көзі тоқ», арлы адамды таңдауды ұсынады (2610-бәйіт).

Ж.Баласағұнның осы пікірі арада сегіз ғасыр өтсе де Ұлы Абайдың – «Пайда ойлама, ар ойла» деген ұлағаты сөзімен ұштасып тұр.

Ғұлама қағанға:

«Елші жауыз болса, жаман, наданнан,

Бек беделі аса қоймас табаннан» (26-35-бәйіт), – деп ескертеді.

Дастанды оқығанда шығарманың мемлекет билеушісіне қарата және сол кездегі қоғамға жақсылық тілеу ниетімен жазылғанына көз жеткізуге болады.

Ж.Баласағұнның ежелгі шығыс елдерінің, әсіресе, Иран, Араб халифаты мемлекеттерінің дипломатиялық өнерінен, халықаралық құқық дәстүрлерінен мол хабары болғаны байқалады.

Өлемдік және отандық дипломатия тарихының білікті маманы Д.М.Мәжіденова өзінің еңбегінде американдық зерттеуші Д.Ревероның XI ғасырда Жүсіп Баласағұн қалыптастырған дипломаттарды таңдау талаптарының жүйесі мен міндеттемелер тізімі бүгінгі күні де көкейтесті мәселе деген пікірін келтіреді. Автор сонымен қатар, бүгінгі зерттеушілер «Құтты білік» еңбегін негізге ала ала отырып, дипломаттың жеке басы қазіргі заман саясатында да шешуші фактор болып отырғанын атап өтеді. [7,133].

Ж.Баласағұнның бұл даналық кітабы жалпы-адамзаттық құндылықтар қазынасына үлес қосқан туынды болып саналады.

Ж.Баласағұн өзінің еңбегінде аталған кәсіптік қасиеттер мен өнерге ие болған адам ғана мақсатына жетеді деген ой түйген. Оқу мен шеберліктің және тәжірибенің нәтижесі болып табылатын істің көзін таба білу қасиеті бар және кәсіби сапаны бойына жинай алған адам ғана-нағыз дипломат деп біледі. Ғасырлар бойы дипломатия тәсілдері мен құралдары өзгерістерге ұшырап отырғанымен, мемлекет

басшылары ел саясатын іс жүзінде табысты орындай алатын жоғары сапалы мамандар мен дипломаттарды таңдау мәселесіне қашан да бетпе бет келіп отырған.

Ойшыл ақын өзінен бұрынғы және өз заманындағы, ғұламалардың, ойшылдардың еңбектерімен таныс болған, олардан өзінің шығармашылығына нәр алған. Сонымен қатар өзінің ойлары мен толғамдарын қорытып, жинақтап қағазға түсіріп отырған.

Дипломатия тарихын зерттеушілер «Құтты білік» еңбегіндегі айтылған дипломаттардың жеке басының рөлі қазіргі заманда да шешуші фактор болып отырғанын мойындайды [8,23].

Ғұламаның көзқарастары мен ұстанымдары қазіргі Қазақстан Республикасын дамытып, нығайту жолындағы ұстанымдармен үндеседі. Дипломат қазіргі күні де мәртебелі кәсіп және мемлекеттік қызмет саналады. Дипломат әділетті, демократиялық қоғамқұру жолында, ел мен елді жақындастырушы, табыстырушы, бейбіт қатар өмір сүру жолында еңбек етуші мемлекет қызметкері.

Ж.Баласағұнның елші туралы ой-тұжырымдары қазіргі тілмен айтқанда дипломатиялық қызметкердің этикасы деуге болады. «Құтты білік» дастаны сол заманда елшілік қызметіне кіріскен адамның өмірлік азығы болатындай дүние саналды.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется значение предъявляемых средневековому дипломату (послу) требований в поэме выдающегося тюркского поэта и мыслителя (XI в.) Юсуфа Баласагуни в книге «Кудатгу Билиг» («Благодатное знание»).

The article analyzes the meaning of the requirements presented to the medieval diplomat (Ambassador) presented in the poem “Kudatgu Bilig” (“Blessed Knowledge”) of the outstanding Turkic poet and thinker (XI century) Yusuf Balasaguni.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 4-том. 2002. – 720 бет.
2. **Серікқызы Мәдина.** Құтқа, бақытқа қалай жетуге болады? / Аңыз адам. 2013жыл, №18 (78).
3. **Ахметов Т.Ө.** Жүсіп Баласағұнның тәлім-тәрбиелік идеялары. 13.00.01. Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика. Пед. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2003. - 29 бет.
4. **Сыздықов С.М.** Қарлық-Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014. -320 бет.
5. **Қыраубаева Алма.** «Құтты білік» - кемел мемлекеттің құрылымы. / Аңыз адам. 2013жыл, №18 (78).
6. **Жүсіп Баласағұн.** Құтты білік. / Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: «Өлке», 2006. - 640 бет.
7. **Мәжіденова Д.М.** Дипломатиялық қызмет: тарихы мен дамуы. Монография. – Астана: ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. 2010. - 240 бет.
8. **Полов В.И.** Современная дипломатия. Теория и практика. Курс лекции. – 2-изд. доп. М.: Международные отношения. 2000. - 576 с.